

ӨЖ: 631.8:633.11

ҚҰНАРЛЫ МАЛ АЗЫҒЫН ӨНДІРУ БАСЫМДЫ БАҒЫТ

Б. Н. Насиев, а.-ш. ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Батыс Қазақстан облысында қоғамдық малды құнарлы да сапалы азықпен қамтуда жем-шөп өндірісін диверсификациялаудың маңызы зор. Жоспарланатын шаралар мал басын қажетті азықпен қамтамасыз ете отырып, жем-шөп өндірісінің және қосалқы өндірістің дамуына ықпал етеді.

В решении приоритетной задачи по обеспечению сельскохозяйственных животных высокобелковыми и полноценными кормами особое значение имеет диверсификация кормопроизводства Западно-Казахстанской области. Планируемые мероприятия позволят обеспечить поголовье необходимым объемом кормов и увеличить производительность труда в кормопроизводстве с развитием смежных отраслей.

In the decision of priority problem on maintenance of agricultural animals with high-protein and high-grade forages, the diversification of feed production of West Kazakhstan region has special value. Planned actions will allow to provide livestock in necessary volume of forages and to increase labor productivity in feed production with development of allied branches.

Қазақстан Республикасындағы аграрлық саясаттың стратегиялық міндеттерінің бірі – мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ауыл тұрғындарының тіршілігінің сапасын көтеретін, аграрлық өндіріс үшін табиғи ресурстарды сақтайтын, бәсекеге қабілетті тиімді ауылшаруашылық өндірісін жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев биылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында аграрлық секторда бұрын соңды болмаған етті ірі қара малының өндірісін дамытуды баса айтқан болатын. 2016 жылы ет өнімінің экспорты 60 мың тоннаға жетуі тиіс, бұл 4 млн тонна астық экспортына тең келеді. Үкімет тарапынан бұл бағытта 130 млрд. кредиттік ресурстар бөлінетін болады.

Мал шаруашылығын дамытудың маңызды тетіктерінің бірі – ол жем-шөп шаруашылығын диверсификациялау болып табылады.

Бүгінгі таңда жем-шөп өндірісінің даму қарқыны мал шаруашылығының сұранысын қанағаттандыра алмайды және болашақта мал өнімдерін қарқынды өндіруді тежеуі мүмкін.

Құнарлы белокты және жоғары сапалы жем өндіруге қажетті жер ресурстары мен биоклиматтық мүмкіндік Батыс Қазақстан облысында жеткілікті. Тиімді ауыл шаруашылық өндірісін қалыптастыру үшін қойылған міндеттер жем-шөп шаруашылығы саласын жетілдіруге бағытталған жаңа концептуалды шаралар жүйесін енгізуді талап етеді.

Бүкіл әлемде азық-түлік ретінде мал өнімдерін пайдалану көрсеткіші қоғамның даму жағдайының деңгейін көрсетеді. Мал өнімін өндіру көлемі мен оның сапасы жем-шөп шаруашылығының даму дәрежесіне тығыз байланысты.

Батыс Қазақстан облыстық ауыл шаруашылық басқармасының мәліметтеріне сүйенсек бүгінгі таңда облыста 420,7 мың бас ірі қара, 840,0 мың бас қой мен ешкі, 71,9 мың бас жылқы, 27,4 мың бас шошқа, 3,5 мың бас түйе, 956,0 мың бас құс тіркелген. 2015 жылға дейін мал басы 15 пайызға көбеймек.

Жоғарыда көрсетілген мал басын құнарлы азықпен қамту басымды бағыт болып табылады. Қоғамдық мал өнімі және өнімділік дәрежесін көтеруді қамтамасыз ету үшін 661,0 мың тоннадай жем қажет.

Облыс бойынша жем көздеріне түрлі жем дақылдарымен қамтылған табиғи жайылымдар, шабындықтар мен егіндік жерлер жатады.

Батыс Қазақстан облысында табиғи жайылымдар 11,2 млн. га, шабындықтар 1,0 млн. га

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Агрономия

және егіндік жерлер 10,2 млн. га көлемде орналасқан.

Осы аудандарда жалпы шөптік жемдердің 90 пайызы өндіріледі. Жылына табиғи жайылымдар 3-4 ц/га, ал шабындық 10-12 ц/га жасыл шөп береді. Табиғи жайылымдарда 2015 жылға дейін 671,7 мың тонна жем-шөп дайындау көзделіп отыр.

Облыстың ауыл шаруашылығын дамыту тұжырымдамасына сәйкес егістік жерлерде жем өндіру аймақтың биоклиматтық ресурстарын толығымен пайдалануға бағытталады.

Сапалы мал өнімдерін өндіру және осы саланы дамыту облыста өндірілетін барлық дәннің сапасына, мөлшері мен құрамына байланысты. Сүтті және етті мал шаруашылығында концентрлі жемнің рөлі өсе береді өйткені бүгінгі күні сапалы да құнарлы жем өндіру мәселесі өзінің толық шешімін таппай отыр.

Орта есеппен облыс бойынша әр түрлі мақсатта 600,0 мың т дән пайдаланылады. Бұл көлемнің жемдік мақсатта 200-250 мың тоннасы, немесе 33-42 % қолданылады.

Жемдік мақсатта пайдаланылатын дәннің құрамында бидайдың үлесі 62,8 пайызды алып отыр. 30,4 пайызды арпа құраса, 3,1 пайыз тарының, ал 2,9 пайыз қара бидайдың үлесіне тең. Жүгері мен бұршақ дақылдарының өнімін өндіру өкінішке орай көтерілмей отыр. Жемдік мақсатта пайдаланылатын дәннің құрамында бұршақ дақылдарының (0,3 %) және сұлының (0,5 %) мөлшері өте төмен. Нәтижесінде мал азықтық өнімдерді өндіруге концентрлі жем нормативпен салыстырғанда 1,8-2,0 есе көп шығындалады.

Облыстың ауыл шаруашылығын дамыту стратегиялық жоспарында 2015 жылға дейін ет өнімдерінің көлемін 44,0 мың тоннаға дейін өсіру көрсетілген, бұл бағытты қамтамасыз етуде мал азықтық дақылдардың егіс көлемі 2015 жылы 6,3 мың гектарды құрайды.

2015 жылға дейін өндірісті диверсификациялау нәтижесінде дәнді дақылдардың алқабы 530,3 мың га-ға қысқарады.

Болашақта мал азығы үшін пайдаланылатын бидайдың мөлшерін төмендетіп, далалық жерлерде өсіруге болатын жүгері, арпа және бұршақ дақылдарын өндіруді дамыту жоспарланып отыр.

Сонымен бірге болашақта өнім көлемін көбейтумен бірге мал азықтық дәннің құрылымын тұрақты қалыпқа түсіру қарастырылады. Бұл ретте мал азығы үшін бидайды пайдалануды күрт азайтып, арпаны, сұлыны, тарыны және сонымен бірге энергетикалық құнарлы, белокқа бай бұршақ дақылдары мен жүгеріні қолдануды көбейту керек.

Батыс Қазақстан облысында жем-шөп өндірісін дамыту үшін мынадай ғылыми-тәжірибелік және ұйымдастыру шаралары жүргізілу тиіс:

⇒Ең алдымен шағын тауарлы кәсіпорындардың үлкен шаруашылықтарға бірігулерін қамтамасыз ету қажет. Шаруашылықтардың бірігулері технологияны ұйымдастыру көзқарасы бойынша да өте маңызды, себебі ол егіншілікті заман талабына сай ландшафты жүйеге көшіруге және ғылыми негізде құрылған ауыспалы егістерді толықтай өндіруге мүмкіндік береді.

⇒Асбұршақ пен ноқат облыс бойынша белоктық жемнің маңызды көзі болып табылуы тиіс. Бұршақ дақылдарын өндірудің көлемін ұлғайту үшін оларды дара және аралас түрде егудің технологияларын жетілдіру керек. Сонымен бірге бұршақ дақылдарының құрамында белок пен метионин жоғары және танин мен трипсин ингибиторы төмен жаңа сорттарын енгізу қажет.

⇒Жем-шөп өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін нарық жағдайы біржылдық шөптерге деген көзқарастың өзгеруін талап етеді. Ол жалпы өндіру мен тұтыну теңбе-теңдігі шөптесін жемнің үлесін көбейту тұжырымымен байланысты. Шикізат конвейеріндегі «бос орынды» біржылдық шөптер есебінен жоюға болады. Біржылдық шөптерді өндіруді дамыту үшін егістікті бұршақ тұқымды компоненттермен толықтырудың маңызы зор.

⇒Жем-шөп дақылдарының аралас егістіктерінің, көп және біржылдық шөптер мен аралық егістік дақылдары және сүрлем дақылдарының тиімді модулдері болуы шарт. Мұндай егістіктер жем-шөп өндіруді күшейтуге, жем бағасының тиімді болуына, ауа-райының қолайсыз жылдарда да тұрақты өнім алуды қамтамасыз етуге әсер етеді.

⇒Жем-шөп өндірісінде минералдық тыңайтқыштарды және өсімдік қорғау құралдарын тиімді пайдалану.

⇒Жемдік дәннің жалпы өнім деңгейін көтеру үшін егістіктерде жүгері, арпа, бұршақ дақылдарының үлесін 25-35 пайызға жеткізу және құнды дақылдардың өнім деңгейін өсіру;

⇒ Табиғи шабындықтар мен жайылымдарды тиімді пайдалану, топырақты эрозия мен құлдыраудан сақтау, ауыспалы жайылымдар жүйесін реттеу;

⇒ Жем-шөп дақылдарының тұқым шаруашылығын дамыту;

⇒ Ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы техника құрамын жаңарту;

⇒ Жем-шөп шаруашылығымен айналысатын құрылымдарды модернизациялау мен қаржылай қолдау;

⇒ Облыста құрама жем өндірісін қалпына келтіру.

Облыста мал шаруашылығын қажетті жем-шөп қорымен қамтамасыз ету үшін ең алдымен жем-шөп шаруашылығын диверсификациялау қажет.

Жалпы облыстың 3 табиғи климат жағдайына лайықталған жем-шөп өндіру тұжырымдамасы жасалынуы тиіс.

Әр бір аймақта егістіктерге, табиғи шабындықтар мен жайылымдарға арналған ғылыми негізделген жем-шөп өндіру ұсыныстары жасалынып, жем-шөп дақылдарын өсіру технологиясын жаңартуда инновациялық амалдарды пайдалану, құнарлылығы құлдыраған жерлерді қалпына келтіру шаралары дереу қолға алынуы тиіс.

Жоспарланатын барлық шаралар қоғамдық малды құнарлы да сапалы азықпен қамтамасыз ете отырып, барлық негізгі және ілеспе өндірістегі еңбек өнімділігін арттырудың кепілі болмақ. Сонымен қатар, даму тұжырымдары жуық арада облысымыздағы жем-шөп шаруашылығын басқа салалармен тиімді бәсекеге тұра алатындай деңгейге көтерудің басты тетігі болып табылмақ.

УДК: 633.1(574.1)

ХОЗЯЙСТВЕННО-ЦЕННЫЕ ОБРАЗЦЫ ОЗИМОЙ ТРИТИКАЛЕ В УСЛОВИЯХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

А. А. Соловьев, доктор биол. наук

Российский государственный аграрный университет имени К. А. Тимирязева

Л. Х. Суханбердина, кандидат с.-х. наук, **Д. К. Тулегенова**, кандидат с.-х. наук

Ф. Х. Суханбердина, кандидат биол. наук

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Мақалада күздік тритикале дақылына жүргізілген селекциялық жұмыстардың зерттеу нәтижелері берілген. Күздік тритикале дақылының өнімді, жоғары сапалы үлгілер бөлінді. Күздік тритикаленің жақсы үлгілерін селекцияда бастапқы материал ретінде қолдануға болады.

В данной статье представлены результаты проведения селекционной работы с озимой тритикале. Выявлены продуктивные образцы озимой тритикале с высокими показателями качества зерна. Данные образцы могут служить исходным материалом для селекции озимой тритикале.

The results of realization of selection job with winter triticale in conditions of West -Kazakhstan area are given in the article. Productive samples of winter triticale with high parameters of quality of grain are revealed. The chosen samples can serve as initial material for selection of winter triticale .

В решении проблемы стабилизации агропромышленного производства достойное место среди традиционных культур должна занять тритикале, характеризующаяся высокими кормовыми и питательными свойствами зерна, потенциальной продуктивностью, невысокой требовательностью к почвенному плодородию и высокой устойчивостью к наиболее распространенным заболеваниям.